

Жақсықылыш кентіндегі тұйық көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы Жақсықылыш кенті әкімінің 2018 жылғы 8 тамыздағы № 22 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 тамызда № 6413 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 2 қорытындысына сәйкес Арал ауданы, Жақсықылыш кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жақсықылыш кентіндегі "Иван Панфилов" тұйық көшесі "Сағадин Дәрікұлов" есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жақсықылыш кентінің әкімі

М. Жалғасбаева